



БҰЙРЫҚ

2020 ж. 19 қыркүйек

Приозерск қаласы

ПРИКАЗ

№ 90

город Приозерск

2020-2021 оқу жылында оқу үрдісіне жобаларды енгізу туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының тапсырмасымен Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы әзірлеген келесі жобаларды 2020-2021 оқу жылынан бастап оқу үрдісіне енгізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 4, 5-8 сынып оқушыларының оқу, ғылыми-жаратылыстану, математикалық, компьютерлік және ақпараттық сауаттылық саласындағы функционалдық дағдыларын зерделеу мақсатында «Зейін» әлеуметтік-педагогикалық жобасы енгізілсін. Жобаның жүзеге асуына жауапты етіп директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Стась тағайындалсын.

2. Мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Бір отбасы - бір кітап» жобасы енгізілсін. Жобаның жүзеге асуына жауапты етіп директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Макажанова мен бастауыш сынып мұғалімі М.Адресова тағайындалсын.

3. Оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуын, әр түрлі саладағы жетістікке жеткен тұлғалармен кездесулер өткізу арқылы тәрбиелеу мақсатында «Өнегелі өмір» жобасы енгізілсін. Жобаның жүзеге асуына жауапты етіп директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары О.Кузнецова және қазақ тілі мұғалімі Д.Ахметчина тағайындалсын.

4. 7-11 сынып оқушыларының жеке қызығушылықтарын, қоғамдық қажеттіліктері мен еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіби білімді таңдауға дайындау мақсатында «Билет в будущее» форумы енгізілсін. Форумның жүзеге асуына жауапты етіп директордың ТЖ орынбасары О.Кузнецова тағайындалсын.

Директор
000162

К.Алтынбекова